**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Тексерді:____________ ________________

Оқу ісінің меңгерушілері Шокаева А.Т., Алиманов А.Ж.

Білім беру ұйымы: «Өлеңті ауылының ЖОББМ»КММ-нің шағын орталығы

Топ:«Айналаайын» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.09 - 04.10.2024ж.

Педагогтың аты-жөні: Туребекова Л.К.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік<br>Қасым-Жомарт Тоқаев** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>***Сәлемдесу (сөйлеуді дамыту)«Күй күмбірі»Күймен балаларды қарсы алу.*** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты" | Мектепке дейінгі кіші жастағы баланың зейіні https://bilimkids.kz/correction_work/6206 | "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері" | "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері" | "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері" |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Табиғат бұрышындағы | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек:<br>Балабақшадағы | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек:<br>"Ұйымдастырылған | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті**<br>**(аз қимылды, үстел үсті**<br>**ойындары,**<br>**бейнелеу іс-әрекеті,**<br>**кітаптарды қарау және**<br>**басқалар)** | Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)<br><br>«Моншақтарды тізу» дидактикалық ойыны<br>Мақсат-міндеттері. Негізгі түстерді ажыратуға және дұрыс атауға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын | Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br><br>"Пішін салғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, көркемсөз)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, | Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br><br>"Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп, | Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br><br>"Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". (сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің қимылдарының соңынан саусақтармен қимылдар жасауды, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру.<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>(саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, табандылыққа тәрбиелеу.<br>Бір-бір моншақ алайық,<br>Жіпке оны тізейік.<br>Әдемі моншағымызды,<br>Анамызға сыйлайық.<br>(сенсорика, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) | зейінін, қолдың моторикасын дамыту.<br><br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға салайық.<br><br>Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш»<br>Міндеттер: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады. Қолдың ұсақ моторикасы дамиды.<br>(Музыка) | Домалатып, айдап қашқан?<br><br>Қимылды ойын. «Доптарды салу»<br>Міндеттер: Доптарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі.<br>(Дене шынықтыру) | Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық (шапалақтау)<br>Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)<br>Жамылып, отырайық (алақандарымен бастарының төбесін жабу).<br>Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, | 1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, | 1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, | 1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, | 1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.<br>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.<br>2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.<br>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.<br>2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.<br>2.4. – Бастапқы қалыпға оралу (3 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: | "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.<br>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.<br>2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.<br>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.<br>2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.<br>2.4. – Бастапқы қалыпға оралу (3 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: | "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.<br>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.<br>2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.<br>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.<br>2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.<br>2.4. – Бастапқы қалыпға оралу (3 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: | "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.<br>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.<br>2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.<br>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.<br>2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.<br>2.4. – Бастапқы қалыпға оралу (3 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: | "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.<br>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.<br>2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.<br>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.<br>2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.<br>2.4. – Бастапқы қалыпға оралу (3 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.<br>3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.<br>3.2. – Бастапқы қалыпға келу.<br>3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.<br>3.4. – Бастапқы қалыпға келу (3 рет қайталау).<br>(дене шынықтыру) | аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.<br>3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.<br>3.2. – Бастапқы қалыпға келу.<br>3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.<br>3.4. – Бастапқы қалыпға келу (3 рет қайталау).<br>(дене шынықтыру) | аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.<br>3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.<br>3.2. – Бастапқы қалыпға келу.<br>3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.<br>3.4. – Бастапқы қалыпға келу (3 рет қайталау).<br>(дене шынықтыру) | аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.<br>3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.<br>3.2. – Бастапқы қалыпға келу.<br>3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.<br>3.4. – Бастапқы қалыпға келу (3 рет қайталау).<br>(дене шынықтыру) | аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.<br>3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.<br>3.2. – Бастапқы қалыпға келу.<br>3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.<br>3.4. – Бастапқы қалыпға келу (3 рет қайталау).<br>(дене шынықтыру) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Қош келдің, Алтын күз!<br>Алтын жапырақты күз!<br>Біздің қолдарымыз жапырақтардай.<br>Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай.<br>(сөйлеуді дамыту) | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша** | Дене шынықтыру.<br>"Салтанатты адым".<br>Мақсат-міндеттері. | Музыка.<br>(музыка жетекшісінің жоспарымен) | Дене шынықтыру.<br>"Әдемі, салтанатты адым жасайық". | Дене шынықтыру.<br>"Тізені жоғары көтеріп жүрейік". | Сурет салудан ойын-жаттығу.<br>"Алаша". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | Балаларға тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету; тізені жоғары көтеру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру. Тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде ағзасын жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Балаларды шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; дене жаттығуларын жасағанда тазалыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>"Маған қарай адымдаңдар" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. | | Мақсат-міндеттері. Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын дамыта отырып, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде қимыл икемділігін жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру; балалардың шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу; алмаларды себетке жинауды үйрету; дене жаттығуларын жасағанда тазалық пен ұқыптылыққа, үлкендерге | Мақсат-міндеттері. Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың қимыл жылдамдығын дамыту; балалардың эмоциялық көңіл күйлерін көтеру; балаларды шапшаңдық қабілеттерін жылдам игеруге баулу; себетке жемістерді жинауды, дене жаттығуларын жасағанда тазалық пен ұқыптылыққа, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>"Мен нұсқаймын" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Тізені жоғары | Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай, бірыңғай түрде қалдыруды үйрету; қылқаламның ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; алашаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагогтің ауызша нұсқауларын толық орындауды үйрету. (дене шынықтыру) | | көмектесуге тәрбиелеу. "Жалаушаны әкел" қимылды ойыны. Қимыл икемділігін дамыту, тізіені жоғарып көтеріп жүруді, кедергілерден аттауды үйрету. (дене шынықтыру) | көтеріп, адымдап жүруді, ереже бойынша ойнауды үйрету. (дене шынықтыру) | тұрмыстағы қолданылу маңызы туралы түсінік беру. "Алаша жолымен жүрейік" рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Жерде тізіліп жатқан таспалардан аттап жүруді үйрету. (сурет салу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Жапырақтарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды** | **Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз** | **Желді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз** | **Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндау; балалардың** | **Күзгі ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату;** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру;<br>зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Педагог:<br>- Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар?<br>- Жарайсыңдар! Жапырақтарды көріп тұрмыз.<br>- Жапырақтар жасыл ма?<br>- Жапырақтар сары.<br>Педагог түсіп жатқан жапырақтарға көңіл аударады.<br>- Қараңдаршы. Жапырақтарға не болды?<br>- Жапырақтар түсіп жатыр.<br>М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар".<br>Сап-сары жапырақтар …<br>Сап-сары | соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Саябаққа шығайық" ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. | соғады.<br>Тыным бермей ешкімге,<br>Жұлқылайды бәрін де.<br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Түріп жатыр,<br>Бүріп жатыр<br>Солғын тартқан гүлдерді.<br>Бірақ сары жапырақ<br>Қалмады жерде қурап,<br>Желге көніп, амалсыз,<br>Ұшып жатыр, шыр айналып.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. | түйсігін, ой-қиялын дамыту.<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Аспаннан нені көріп тұрсыңдар?<br>- Иә, ақ бұлттарды көріп тұрмыз.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.<br>Ақшыл бұлттар,<br>Қайда ұшасыңдар?<br>Д. Ахметова<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарда қурап қалған жапырақтарды тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; | зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br>Жапырақтар сарғайды.<br>- Аспанға қарайық. Аспанда сұр бұлттар ұшып барады.<br>- Адамдар жылы киінді.<br>Қ. Ыдырысов "Күзім".<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жапырақтар …<br>Саудырап құлап жатыр атырапқа.<br>Біреудің жанарында,<br>Біреудің табанында,<br>Сап-сары жапырақтар жоғалуда.<br>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Жапырақтар" қимылды жаттығуы.** | **Балаларға сапта тақпақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап жүрруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Саябаққа шығайық,<br>жиналайық,<br>Сап-сары жапырақты, кел алайық,<br>Құстарға қолмен бұлғап шақырайық,<br>Шеңберде бірге билеп, айналайық.<br>- Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жатыр, жерге қонып жатыр!<br>Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу.<br>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** | **Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br>- Балалар мына** | **тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br>Қоңырауым қайда?<br>Сыңғырлайды сайда.<br>Кім адаспай тауып алады,<br>Қоңырырауды қолға алады.<br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br>Педагог келесі** | **еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.<br>"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп-жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір жапырақтан ұстатып, көркемсөзге сай қимылдарды көрсетеді.<br>- Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық.<br>Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру, тұру, қимылдарын қайталауды көрсетеді.<br>"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері.** | **Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)<br>- Жарайсыңдар!<br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар.<br>Педагог үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа кезекпен бағыттайды.<br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br>Педагог дауыс балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескереді.<br>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру.** | **жолы қоңыраудың орнын ауыстырып қояды.<br>"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру қабілетін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір орыннан екі аяқпен алға секіру қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен), ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | **Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Амина<br>Саусақ жаттығуы.<br>М. Әлімбаев "Ұшты талдан жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді. | Нұрланған<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>(сөйлеуді дамыту) | Ләйлім<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Жаңбыр жауса - тұрмайық".<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – соқса тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>Д. Ахметова | Кәусар<br>Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді жұлу әдісін игерту.<br>"Жапырақтар".<br>(мүсіндеу) | Айлин<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Құлыптар".<br>Саусақтарды ойнатайық,<br>Бір-біріне уқалайық.<br>Арасына өткізіп,<br>Мықты құлыптар жасайық.<br>Д. Ахметова<br>(сөйлеуді дамыту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (сөйлеуді дамыту) | | (сөйлеуді дамыту) | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері". | | | | |